

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер министрліктері (полиция) қылмыстық іздестіру аппараттарының басшылары кеңесінің алтыншы мәжілісіне қатысушылардың қонақ үйде тұруына ақы төлеуге қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 маусымдағы N 150-ө  
Өкімі

2006 жылғы 7 - 9 маусым кезеңінде Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер министрліктері (полиция) қылмыстық іздестіру аппараттарының басшылары кеңесінің алтыншы мәжілісінің (бұдан әрі - мәжіліс) өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мәжіліске қатысатын делегациялар мүшелерінің қонақ үйде тұруына ақы төлеуге 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1152000 (бір миллион бір жүз елу екі мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*